

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ИДИОМАЛАРДЫҢ АУДАРМАСЫ ЖӨНІНДЕ

Рсалнева Н.М.

Филол.ғ.к., СДУ доценті

Алматы қ., Қазақстан

Фразеологизмдер, жалпы атаумен алғанда, аудармашыны аса тығырыққа тірейтіндей лексикалық бірлік ретінде танылмайды, десек те, олардың ішінде бірқатар идиомалар аудармашыға ең бір қауіп төндіретін тіркестерден болып келеді. Мәселен, қазақ тілін үйреніп жүрген шетелдік «*Им өлген жерге қалай барамыз?*» дегенді “*How can we go to the place where the dog has died?*” деп, «*Кешке дейін не істедің, шошқа тағаладың ба?*» дегенді “*What have done till the evening? Have you shod a pig?*” деп аударуы ғажап емес. Себебі тілді қажетті деңгейде білмеген жағдайда мұндай құбылыстар өздігінен орын алуға сұранып тұрады. Аударматанушылар түпнұсқа тілінің сөйлем құрылысын аудармашының «қас жауы» деп атаса, мынадай «алдап түсіруге» бейім тұрған лексикалық бірліктерді аудармашының «жалған достары» деп атайды.

«Жалған достар» біздің де «қолымызға лимон ұстатып кетуі» мүмкін. “*To hand smb a lemon*” деген тіркес «*біреуді қатырып, алдап кету*» деген мағына беретінін білмеген кісі оны «көзге көрініп тұрған мағынасында» қабылдауы табиғи заңдылық. Іс жүзінде мұндай жағдайлардың молынан кезігіп жатқанын көріп келеміз. Бір ғана I. Есенберлиннің «Көппенділер» трилогиясының аудармасында «жетісін берді», «ақ түйенің қарны жарылды» деген тәрізді тіркестердің осындай жағдайды бастан кешкенін айта кетуге болады.

Дегенмен де, идиомалардың тілдегі ең бір керемет, қызық құбылыстардың бірі екеніне ешкімнің де таласы жоқ шығар. Қазақ тілін үйреніп жүрген американдықтардың қазақтарда идиомалар өте қызықты құралған, бір ғана *a pregnant woman* дегенді *a heavy legged woman* (аяғы ауыр әйел), *a two storied woman* (екі қабат әйел), *a woman with a luggage* (жүкті әйел) деп айтады екен деп қызықтағанын көрдік. Бізге де ағылшындардың жаңбыр шелекпен құйып тұр дегенді мысықтар мен иттер жауып жатыр (*It is raining cats and dogs*) дейтіні, көнеріңкіреп қалған жаңалықты естігенде, ол жаңалық емес дегенді білдіру үшін *Ханшайым Анна өліп қалған* (*Queen Ann is dead*) деп айтатыны (біз *Американы айна* деп жүрміз), біреуге ренжіп, сөйлеспей қою дегенді – *біреуді Ковентрига жіберу* (*to sent somebody to Coventry*) дейтіні, әрине, өте қызық. Ал егер сізге олардың бірі “*I’ve been shopping all day. My dogs are barking*” десе, «Күні бойы дүкен аралап жүргеніне иті «қайда жүрсің?» деп үріп жатқан жоқ, бұл оның аяғының ауырып жатқаны. Егер сізге үйдегілер “*The new servant made a dog’s breakfast in the kitchen*” десе, жаңадан келген үй қызметшісі сізге тамақ дайындаудың орнына иттің таңғы асын дайындап қойған жоқ, бұл оның бар болғаны ас бөлмесін шашып тастағаны. Онымен қоймай, олар ағылшынша сөйлеп тұрып, «менің французшамды кешіріңіз» (*Excuse/pardon my French*) деуі де мүмкін, есіңізде болсын, бұл олардың дөрекі, не балағат сөз айтып қойғанына кешірім сұрағаны.

Осындай қызығы мол идиомалармен бетпе-бет келгенде аудармашы өз аяғында сенімді тұруы үшін олардың табиғатына сай құбылып жасалатын тілдегі небір көріктеу құралдарын да ұтымды еңсеруі керек болады. Ол үшін аудармашы алдымен идиомалардың лақуна ретінде «шекарасын» танып, соң транслатема ретінде қабылдаушы тілге «дін аман» жеткізіп беру міндетін арқалайды. Бұл міндет – жәй міндет емес – аманат. Жұмыс тілдеріндегі идиомалар арнайы сөздіктерінен аудармашының көзінен иненің жасуынан өткендей өтіп келуге тиіс. Түпнұсқа тілінің идиомаларын арнайы сөздіктерінен түгелдеп жаттап алмайынша, аудармашы маман өзіне өзі толық сенімді бола алмайды. Осы уақытқа дейінгі аудармалардың орыс тілі арқылы жасалып келуі қазақ↔ағылшын тілдеріндегі осындай ауадай қажетті сөздіктердің кенде қалуына себеп болды. Алдағы уақытта мұндай сөздіктерді түзетін болсақ, біз олардың ең алдымен іс-жүзінде қандай тәсілдер арқылы аударылатынына көз жеткізіп алуымыз керек. Мұны анықтау үшін ағылшын тілінің идиомаларын арнайы сөздіктерінен зерттеу нысанымызға алып оқып отырып, қазақ тіліне аударып көрдік, қажеттілік жағдайында кейбірін контеске салдық. Нәтижесінде идиомалардың аударылу тәсілдерін төмендегіше бөліп қарастыруға болатынына көз жеткізіп отырмыз.

1) мазмұны да, тұрпаты да бірдей нақпа-нақ сәйкес идиомалар арқылы:

1. **a hard nut to crack** – (шағылуы қиын жаңғақ) оңай шағылатын жаңғақ емес.
2. **dog's life** – ит өмірі
3. **down in the mouth** – аузы салпию, басы салбырау
4. **in the blink of an eye** – көзді ашып жұмғанша
5. **make smb.'s blood boil** – біреудің қанын қайнату
6. **mere/all skin and bone** – құр сүйек пен тері, қу сүйегі қалу
7. **on the tip of my tongue** – тілімнің ұшында тұр
8. **to be fed up (with)** – әбден тою
9. **to be tongue-tied** – тілі байлану
10. **to close one's eyes to smth.** – көзін жұмып қарау
11. **to fight / argue like cat and dog** – ит пен мысықтай ұрысып /таласып жату
12. **to follow in someone's footsteps** – біреудің жолын қуу
13. **to go too far** – тым артық кету
14. **to have one foot in the grave** – бір аяғы жерде, бір аяғы көрде болу
15. **to have one's heart in one's mouth** – жүрегі аузына тығылу
16. **to skin someone alive** – тірілей терісін сыпыру
17. **to stab in the back** – ту сыртынан пышақ салу
18. **to tear one's hair out** – шашын жұлу
19. **Wipe that smile off your face!** – күлкі(лері)ңді тыя алмай калып жүрме(ңдер)!

2) мазмұны толықтай, тұрпаты жартылай сәйкес келетін идиомалар:

1. **alive and kicking** – шауып жүр
2. **in the twinkling of an eye** – көзді ашып жұмғанша
3. **it makes no sense** – ақылға сыймайды
4. **it makes sense** – ақылға сыяды
5. **Let it go hang!** – Кетсінші әрі! Құрысыншы әрі!
6. **to be all ears** – құлағым сенде/сізде
7. **to be at (on) smb.'s heels** – біреудің ізіне түсу
8. **to be on one's feet** – аяғына тұру
9. **to do (someone) in the eye** – көре-көзге өтірік алдау
10. **to drum smth. into someone's head** – тарсылдатып миына құю
11. **to fall on deaf ears** – бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығып кету
12. **to have itchy feet** – табаны қышу (ағ. *аяғы қышу*)
13. **to hit the nail on the head** – дәл төбесінен түсу, дәл табу
14. **to kill two birds with one stone** – бір оқпен екі қоян атып алу (ағ. *бір таспен екі құс өлтіру*)
15. **to know smth. (somebody) like the palm of one's hand** – бес саусақтай білу
16. **to lick the boots** – табанын жалау
17. **to listen to reason** – ақылға салу
18. **to lose one's head** – ақылынан адасу (ағ. *басын жоғалту*)
19. **to show/take one's heels** – табанын жалтырату
20. **to the last drop of blood** – қасық қаны қалғанша
21. **to wet the baby's head** – балалы болғанын жуу, (ағ. *баланың басын жуу*)

3) мазмұны бір, тұрпаты басқа идиомалармен беру:

1. **a horse of a different colour** – жөні бөлек (адам, шаруа)
2. **all brawn and no brain** – дәу жарым
3. **an elephant in the room** – көзге шыққан сүйелдей
4. **as plain as the nose on one's face** – тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай
5. **blue (high, pure) blood** – ақ сүйек
6. **can hardly (can't) make both ends meet** – айлықтан айлыққа қарап күнелту
7. **have/keep half an eye on smth.** – бірнәрсені тиіп-қанып (жартылай) көру, әр жерінен көру
8. **in (with) a whole skin** – дін аман

9. **in broad daylight** – тал түсте, тапа-тал түсте
10. **like a red flag to a bull** – көзіне жын көрінгендей (қызыл көрген бұқадай)
11. **to be (stony) broke** — қалтасында көк тиыны қалмау/болмау
12. **to be in a fry** – жанын қоярға жер таппау, шыж-быж болу, апшысы қуырылу
13. **to be rushed off one's feet**, – мұрнынан сүрлігу
14. **to be proud as a peacock** – мұрнын аспанға көтеру, көкірегімен көк тіреу
15. **to be/get into/in deep water** – қиындықты бастан кешу
16. **to beat one's brains out** – (өзінің) миын қатыру
17. **to bite smb.'s nose off** – біреуді (сөзбен) шағып/тістеп алу
18. **to bite someone's head off** – мойнын жұлып алу, мойнын үзу
19. **to call the tune** – бас-көз болу, билік жүргізу
20. **to disappear into thin air** – із-түзсіз жоғалып кету
21. **to get one's goat** – жынын келтіру
22. **to give a person a nasty (bad) turn** – біреудің зәресін алу/ұшыру төбе шашын тік тұрғызу
23. **to jump out of one's skin** – көзі шығып кете жаздау (ағ. өзі терісінен шығып кете жаздайды)
24. **to keep body and soul together** – күн көрістің қамын жасау
25. **to paddle one's own canoe** – өз күлшесіне күл тарту
26. **to pay through the nose** – әкесінің құнын төлеу
27. **to shed crocodile tears** – көзінің жасын көл қылу, өтірік жылау
28. **to stand one's ground** – өз дегенінде қалу
29. **to waste breath** – төрт қабырғаға сөйлеу, сөзін шығындау
30. **up to the elbows in work** – жұмысы басынан асу
31. **with one's back to the wall** – тығырыққа тірелу
32. **without rhyme or reason** – аты жоқ, жөні жоқ

4) мақал-мәтелдер (көбіне мәтел) арқылы:

1. **a hair of the dog that bit you** – Немен/неден ауырсаң, сонымен емдел. *"Here, have a drop of this. It's a little hair of the dog that bit you!"* – «Мынадан татып көр, немен ауырсаң, сонымен емдел деген!»
2. **a snake in the grass** – үндеместе бәле бар
3. **birds of a feather** – ағама жеңгем сай
4. **to be (all) in the same boat** – кемедегінің жаны бір
5. **to bite off more than one can chew** – (шамасы келмейтін іспен айналысу) қолың көтере алмайтын шокпарды беліңе байлама; көрпеңе қарай көсіл
6. **to count one's chickens before they are hatched** – асамай жатып құлдық деме; тумаған/қашпаған сиырдың уызына таласпа

Тәсілдер іс жүзінде жағдаятқа байланысты өзгеріп отырады, Мәселен, алдыңғы топтамада берілген **to call the tune** – бас-көз болу, билік жүргізу деген мағынаны білдіреді дедік. Біз пайдаланған дереккөзде [3] осы фразаның қолданысын көрсетуге берілген *"He shows a lot of authority but in fact it's his wife who calls the tune."* деген сөйлемде бұл тіркесті «Ол бас болып көрінгенмен, ол басты бұрып отыратын мойын – оның әйелі» деп аударған тиімді. Себебі, әңгіме ерлі-зайыптылар жөнінде болып жатқандықтан, «Еркек – бас, әйел – мойын» деген мақалды қолданудың орайы келіп тұр.

5) коллокациялар, яғни қалыпты тіркестер* арқылы:

1. **a handful of smth.** – саусақпен санарлық
2. **fool's paradise** – өзін-өзі алдау
3. **to be a laughing stock** – жұртқа күлкі болу
4. **to be in Queer street** – ақшадан тарығып, тығырыққа тірелу
5. **to beat one's brains out** – миын қатыру
6. **to draw the first breath** – өмірге келу, жарық дүниеге келу
7. **to keep one's hair/shirt on!** – өз-өзін ұстау
8. **to keep one's nose clean** – араластайтын жерге араласпау
- to be a flop** – сәтсіздікке ұшырау

9. **to make a long arm** – көп күш салу
10. **to play possum** – өтірік ұйықтау, өтірік өлу
11. **to pull smb.'s leg** – біреуді ақымақ қылу
12. **to take smb.'s breath away** – таң қалдыру
13. **to turn a blind eye to smth** – көрсе де көрмегендей болу;

* Коллокациялар немесе қалыпты тіркестер (ағ. collocations) деп құрбандық шалу, балық аулау, сырға салу, түс жору, қар күреу, шашу шашу, гүл теру, бір жұтым су, бір ауыз сөз, т.б.с.с. әрдайым бірге жүруге тиісті сөз тіркестерін айтамыз. Бұлар тілдің дамуы барысында өздігінен бір-бір пішін жасайтын қалып болып қалыптасады. Сондықтан біз бұларды қазақ тілінде **қалыпты тіркестер** деп атауды жөн санадық.

6) калька (сөзбе-сөз аудару) тәсілімен:

1. **like putting lipstick on a pig** – сөзбе-сөз: шошқаға далап жаққандай (балама: маймылға көйлек кигізгендей)
2. **an iron fist/hand in a velvet glove** – масаты қолғап киген темір жұдырық/қол. Мыс, *Your new boss seems to be an iron hand in a velvet glove* – Жаңа бастықтарың масаты қолғап киген темір қол болып жүрмесін.
3. **to lock the stable door after the horse is stolen** – ат/жылқы ұрланған соң ат қораның есігін күлгтап қою
4. **to look a gift horse in the mouth** – сыйға берген жылқының тісіне қарау

Кейбір, әсіресе, метафоралардан құралған идиомаларды тікелей аударып алуға болатынын көріп отырмыз. Олардың тіл-тілде адекватты табылған баламалары оңай сіңісіп кетуге бейім келеді. Мәселен, бірінші тәсіл бойынша тіркелген идиома «**a hard nut to crack** – (шағылуы қиын жаңғақ) оңай шағылатын жаңғақ емес» қазақ тіліне кейінгі жылдары қосылған фраза, ол алғашында осылай калька тәсілімен аударылып, кейіннен тілге етене сіңіп үлгерді. Қолданыс аясы көбіне-көп көркем шығарма стилі болғандықтан, идиомалар да мақал-мәтелдер тәрізді калька тәсілімен тілден-тілге тасымалдануға ең бір бейім лексикалық бірліктердің бірінен саналады. Бұлардың қай тілде бірінші қалыптасып, қай тілден қай тілге өтіп жатқанын бақылау да өте қиын.

7) түсіндірме + калька тәсілімен:

1. **to do a moonlight flit** – көзден ғайып болды, айға ұшып кетті. *"Just before the rent was due he did a moonlight flit."* – Дәл пәтер ақысын төлейтін уақыт келгенде көзден ғайып болды, айға ұшып кетті.
2. **to follow one's nose** – тіп-тіке, ешқайда бұрылмастан, өз мұрныңнан соңынан ере беру
3. **without turning an eyelash** – өтірікті шімірікпестен, кірпік қақпай айтады

Бұл тәсіл негізінен аудармашының автор стилін дәлме-дәл жеткізуге тырысатын ниетінен туады. Қараңыз: *"The station is at the end of the road - just follow your nose."* – «Осы жол тіп-тіке бекетке апарады, ешқайда бұрылмастан өз мұрныңнан соңынан ер де отыр». Бұл тәсіл де алдыңғы калька тәсілі тәрізді тіл динамикасы барысында тілдердің бірін-бірі толықтырып, сөздік қорын кеңейте түсуіне жағдай туғызатын – «ресми» жол. Бұдан идиомалардың сөздіктерін жасағанда мүмкіндігінше бірліктердің сөзбе-сөз мағыналарын беріп отырудың да тиімді жақтарының бары көрінеді.

8) кеңінен таралған афаризмдер мен қалақай тіркестері* ақылы:

1. **My way or the highway!** – Бап шаба ма, бақ шаба ма?
2. **Pigs might fly (= when pigs have wings)** – Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар.
3. **sink or swim** – тисе терекке, тимесе бұтаққа; қайдан шықса онан шықсын;

4. **too many chiefs, not enough Indians** – Сен салар да, мен салар, атқа жемді кім салар? (мақ. Қойшы көп болса, қой арам өледі.)
5. **It's no skin off my nose** – Күл болмаса, бұл болсын.

* Халық арасында кеңінен тарап кеткен, мақал-мәтелдерге жатпайтын, орнымен қолданылса, тыңдаушысын сөзден «тырп» еткізбей ұстайтын үлкен лексикалық лакуналарды **қалақай тіркестер** деп айтауды ұсынған болатынбыз (ағ. catch phrases). Мысалы:

Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба?

Бітті Бәтима!

Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры.

Қысыла-қысыла қыз болдық.

Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің.

Өкпелесе, көшке берген тайын қайтып алсын.

Ырылдассың, қаппассың, менен жақсы таппассың, т.с.с.

еркін сөз тіркесімен аудару арқылы:

all thumbs - ебедейсіз

can't make head or tail of smth. – түсінбеу

Dutch courage – «голландықтың ерлігі», ішкен адамның батыл болып кететіндігін білдіретін тіркес, біз оны өз контекстінде «мынауың күшейіп кетіпті ғой» деп айта аламыз.

for one's own hand – өз мүддесі үшін, өз басының қамы үшін

to back the wrong horse – дұрыс тандау жасамау

in somebody's good/bad books – біреуге жағып/жақпай жүру

to call a spade a spade – әр нәрсені өз атымен атау

to cut no ice (with smb.) – еш әсері болмау

to get under one's skin – біреуді ренжіту

to have a finger in the pie – бір нәрсеге қатысы бар болу

to keep a whole skin (to save one's skin) – өз басын арашалап алу

cheap shot – кісіге жөнсіз, бет алды тиісу

to make a song and dance – болмашы нәрсеге айқай-шу көтеру

to play gooseberry – үшінші болу (ор. «третий лишний»)

to show one's true colours – шынайы келбетін/кейпін көрсету

to speak ill of someone – біреуді жамандау

to take French leave – (жұмыстан, отырыстан) сұранбай кетіп қалу

to win with a small margin – кішкентай айырмашылықпен жеңу

0) (Ескертпе!!!) екі тілде де тұрпаты да, мазмұны да бір бола тұра қолданыс аясы басқа болып келетін идиомаларға сақ болу керек.

a swelled/swollen head – сөзбе-сөз мағ.: «іскен бас». Ағ.т.-де мақтаншақтық, көкіректік, мансапқорлықты білдіреді – сәйкес келетін идиома: **көкірегіне нан тісу**. Қаз.т.-дегі «не басымның іскені?» деген тіркеспен жаңылыстырылмау керек. *"Larry's promotion has given him a swelled head!"* – «Ларридің қызметі жоғарылағалы бері көкірегіне нан тісті».

to foam at the mouth – сөзбе-сөз мағ.: «аузы көпіру». Ағ.т.-де қатты ашуланып кетті деген мағынада қолданылады. *"The director was foaming at the mouth when he saw a picture of his children in the newspaper."* – «Газеттен өз балаларының суретін көргенде директор жынданып кете жаздады» деп аударуға болады. Бірақ «аузы көпіріп кетті» деп айтуға болмайды, себебі «аузы көпіру» қаз.т.-де тура мағынасында жынданғанды білдіреді.

to let one's hair down – сөзбе-сөз мағ.: «шашын жою, шашын бос жіберу». Ағ.т.-де емін-еркін демалу, көңіл көтеру деген мағынаға саяды. Қазақ түсінігінде «шашын жаю» деген жақсы ырымға жатпайды, сондықтан *"Come on! We're not in the office now. You can let your hair down!"* деген сөйлемді «Қанекей, кеңсенің жұмысы бітті, енді емін-еркін демалыңдар» деп аударамыз. Демек, кері үдерісте де, қазақ тілінен ағылшын тіліне аудару барысында да сақ болуымыз керек, қазақтың «шашын жайып, қайғырды» деген мағынасын, көңіл көтерді «**let one's hair down**» деген ағылшынның дайын өзі сұранып тұрған тіркесіне салып жіберуге болмайды.

4. **to eat out of somebody's hand** – сөзбе-сөз мағ.: «біреудің қолынан ас ішу, дәм тату». Ағ.т.-де басқаларға сөзін жүргізе алатын қасиеті бар деген мағынада жұмсалады – сәйкес келетін идиомалар: **сөзін жүргізу, айтқанын/сөзін екі еткізбеу, аузының салымы бар болу**. "She is so persuasive that she has people eating out of her hand in no time." – «Оның жұртты иландырып алғыш қасиетінен сөзін екі етпейтіндер баршылық».
5. **to make one's blood run cold** – сөзбе-сөз мағ.: «біреудің бойындағы қанын салқын ағызу». Ағ.т.-де дененің кенеттен мұздап кеткенін білдіреді. Қаз.т.-де салқын қанды болу жақсы мағынада қолданылады, Абайдың салқын қанды, ыстық жүректі болуға шақыратынын білмейтін қазақ жоқ. Ал дененің салқындауы тура «тоңу, жаурау» мағынасында жұмсалады. Сондықтан аса сақтықпен мынадай сөйлемді «The look in the prisoner's eyes made my blood run cold.» – «Сотталғандардың көздеріне қарап едім, денем мұздап сала берді» деп аударамыз.
6. **to sink one's teeth into something** – сөзбе-сөз мағ.: «тісін батыру». Ағ.т.-де іске бар ынтасымен кірісіп кету деген мағынаны білдіреді. Бірақ қаз.т.-дегі «**тісін батыру**» деген идиома біреуге күш көрсетіп, ұрып-соғу дегенді білдіреді. Ал бұл идиоманың болымсыз түріндегі «**тісі батпау**» деген формасы – істің қолдан келмейтінін білдіреді, мыс. «оның бұл іске тісі батпайды» делінеді. Ағ.т.-де олай емес: "When Julie got promoted, she immediately sank her teeth into her new job." – «Джюли шені жоғарылаған соң, жаңа жұмысына бар ынты-мынтысымен кірісіп кетті».
7. **to throw someone a bone** – сөзбе-сөз мағ.: **біреуге сүйек тастау**, ағ.т.-де біреудің көңілін көтеру үшін сөзбен де, іспен де қолпаптап отыруды айтады. Қазақта сүйекті тек итке тастайтын болғандықтан, «**итке сүйек тастағандай қылып**» деп кейде көңілі толмаған нәрсеге реніш те білдіріп жатады. Сондықтан ағ.т.-де "... Bill throws him a bone now and then to keep him happy" дегенді «анда-санда сүйек тастап тұрады» демей, «Билл оны қолпаптап, анда-санда көңілін аулап тұрады» деп аударамыз.

Түпнұсқа тілінің стилистикалық көріктеу құралдарын, мәселен, теңеуді теңеу, метафораны метафора күйінде сақтаймын деп тырысу көп жағдайда пайда бере бермейді. Ойды жеткізуде сөйлемде жекелеген бірліктер тұрғысынан емес, қатар келетін сөйлемдерде жалпы есеппен ұтуды ойлап отыру қажет. Бұл автордың жеке стилін сақтауға тырыспау деген сөз емес, керісінше, мәтіннің стильдік бояуын сол қалпында жеткізуге барлық мүмкіндікті сарқа пайдалану деген сөз. Мәселен, жоғарыдағы аудармаларымыз барысында **an elephant in the room** – **көзге шыққан сүйелдей** болып алынды. Мұнда метафора теңеуге айналды. **To be proud as a peacock** тіркесі **көкірегімен көк тіреу** болып аударылғанда **р...р...** аллитерациясы **к...к...** аллитерациясымен беріліп, теңеумен жасалған әсерлі идиоманың орнына әсірелеумен (гиперболамен) жасалған әсерлі идиома қолданылып, эффект сақталады.

Көріп отырғанымыздай, стиль деген нәрсе аударылатын, ебі табылатын нәрсе. Олардың ішінде тек қана сөздер мен сөз тіркестерінің көпмағыналылығына сүйеніп жасалатын каламбурдың (қаз.т. оспақ?) аудармашыны тығырыққа тірейтіні анық. Оған себеп, бір тілде көп мағынасы бар сөз не сөз тіркесі дәл сол мағыналарымен қабылдаушы тілде кезіге қоймайды. Идиомалардың ішінде мағыналық, түрпаттық, жұмсалым тұрғысынан сәйкестіктерінің барлығы толығымен сай келетін жағдайда каламбурды каламбур күйінде сақтауға болады, мыс:

"You only say that, Daddy, to get my goat."

"And only because your goat is so easy to get." (L. A.)

Әке, осыны тек менің жсынымды келтіру үшін ғана айтасың-ау деймін.
Себебі, сенің жсыныңды келтіру еш қиын емес.

Көптеген идиомалардың аса бір ұтымды стилистикалық құрал ретінде қолданылатын жері олардың бір-ақ рет айтылып, екі мағынаны қабат алып отыратындығы. Мыс, «If I'd collected the bricks she dropped all over the place, I could build a villa.» деген сөйлемде **кірпіш түсіріп алу** деген еркін тіркес ретіндегі мағынасы мен **орескел қателік жіберіп алу** деген идиома ретіндегі мағынасы қосарланып келіп тұр. Мұндай жағдайда әдегте еркін тіркес ретіндегі мағынасын ала алғанмен дәл сол тіркеспен идиома ретіндегі мағынасын аударма тілінде жасай алмаймыз. Әйтсе де, нақ осы жағдайда «Оның жіберген қателерінен кірпіш қаласам, үй тұрғызып алатын уақытым болды» деп тығырықтан шығып кетуге болады екен.

Көріп отырғанымыздай, идиомаларды аударуды жетілдіру, олардың сөздіктерін түзу көркем әдебиет тілінің аудармасын жетілдіру баспалдағының үлкен бір текшесі іспетті. Үлкен текше болғандықтан, оны баспай өте алмаймыз.

Әлемге танымал шотландық лингвист Дэйвид Кристалға 2001ж. 26 ақпан күнгі сұхбаты барысында мынадай сауал қойылды. «*On-line* желісіндегі '*babelfish*' тәрізді бағдарламалар адам қолымен жасалатын аудармаға қаншалықты қауіп төндіреді? Жаңа бағдарламалар болса ұдайы жасалу үстінде, олар, мәселен, идиомаларды аударуды қаншалықты еңсере алады?» Ғалымның жауабы былай болды: «Олар сөйлемнің негізгі ойын жеткізуде жап-жақсы көмекші бола алады. Бірақ аудармашы-бағдарламалардың табиғи тілдердің семантикалық және прагматикалық қырларын игеретіндей күш-қуатқа ие болуы әлі 50 жылдың бер жағында қылаң бере қоймайтын тәрізді. Ал ондай нәрсе қолданысқа келсе, онда ол ғаламдық лингвистикалық балансқа үлкен өзгеріс алып келеді. Егер біздің әрқайсымыздың құлағымызда '*babelfish*' болатын болса, ғаламдық тіл деген нәрсеге қажеттілік болмай қалады. Бірақ оған жететін жол әлі өте алыс» [4].

Әлемнің жетекші тілдері машиналық аударманың шамасын идиомаларды аударуға жеткіземіз деп жатыр екен, әрине, инновацияға ұмтылыс тоқтамақ емес, озық тәжірибелерді пайдалана отырып, осы мақалада көрсетілген тәсілдерге сүйене отырып фразеологиялық бірліктердің сөздіктерін жасап алсақ, бұл қазақ тілін де автоматтандыруды қолға алуға жақсы жол салар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сытель В. В. Colloquial English Idioms. Библиотека учителя иностранного языка. С 95 Разговорные английские идиомы. М., «Просвещение», 1971. – 128 с.
2. Соломоник Т.Г. Словарь современных английских идиом. – СПб.: ООО Издательство «Золотой век», 2003. – 416 с.
3. http://www.learn-english-today.com/idioms/idioms_proverbs.html
4. David Crystal.: A Chat with David Crystal on Topic English as a Global Language © 2012 Wordsmith.org. <http://wordsmith.org/chat/dc.html>

Summary

This paper discusses the treatment of idiomatic phrases developed for the English↔Kazakh translation practice and theory. Some interesting stories of translating idioms are told. Unless the idiom is identified a translator might easily give way to his/her 'false friends'. The author translates on her own more than 100 English idioms into Kazakh and defines the ways the phrases are translated. In the result 9 ways are defined, and it makes a clear distinction between the methods applied while translating idioms into TR. Once the methods are defined, bilingual dictionaries of fixed word expressions should be compiled. Moreover, the author shows several cases of transferring Stylistic Devices in the context with idioms. According to the author it is good to name Collocations as 'kalypty tirkester' in the Kazakh language, and Catch phrases are labeled as 'kalakai tirkester'.